

Қ. Н. Әбуғалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институтының ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МОНИТОРИНГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Аннотация. Мақалада мониторинг жүйесінің құқықтық реттелу мәселесіне тоқталған және Қазақстанда мониторинг жүргізу жүйесінің бірқатар проблемалық мәселелері де қозғалады.

Түйін сөздер: заң шығару, құқық нормалары, нормативтік келісімшарттар жасау, халықаралық принциптер, мемлекеттік органдар.

Заңнаманы реттеу жүйесіндегі аса маңызды түйіндердің бірі бақылау болып табылады, ол тармақталған және алуан түрлі сипатқа ие болады. Қазіргі ғылым мен техниканың дербес дамыған кезеңінде мониторинг сөзін жиі кездестіруге болады. Алайда бұл терминнің кең ұғымы мен қолданысына көпшілік терең бара бермейді, үстірт қарап, өздігінше жеңіл қорытынды жасайды. Алдағы әңгіме – заңнама, соның ішінде құқықтық мониторингтің сипаты жайында болмақ.

Заң ғылымында бір кездері «заң шығару дегеніміз нормативтік актілерді дайындап, шығаруға бағытталған қызмет» деген пікірлер орын алды¹.

Алайда мұнда құқықтық шығармашылықтың бір ғана тәсілі, яғни нормативтік құқықтық актілерді дайындау және оларды қабылдау туралы ғана айтылғандықтан, аталмыш анықтаманы толық емес деп санауға болады. Біздің пікірімізше, бұл анықтамада заң шығарудың мақсаты ғана айтылып, нормативтік акті, яғни мазмұндық аспектілер назардан тыс қалғаны көңілге күдік ұялатады. Сондай-ақ қарастырылып отырған анықтаманы роман-германдық құқық семьясында ғана қолдануға келеді. Ағылшын-саксондық және дәстүрлі-діни құқықтық жүйелер, сол сияқты осыған қатысты соттық прецедент және салт-дәстүрлерді санкциялау сияқты заң шығару тәсілдері назардан шет қалады. Сонымен қатар құқық нормалары нормативтік келісімшарттар жасау (халықаралық немесе ішкі), яғни норма шығарудың екі немесе одан көп субъектілерімен келісімге отыру нәтижесінде ғана қабылдануы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандардан, норма шығару — бұл құқық нормаларын құруға, толықтыруға және алып тастауға бағытталған мемлекеттік немесе басқа билік қызметінің белгілі бір нысаны екенін ұғынуға болады. Дегенмен де, біздегі норма шығарудың басты қызметі нормативтік актілерді құру болып табылады. Қолданыстағы актілерді алып тастау, өзгерту сияқты басқа қызметтер ережеде көрсетілгендей көмекші сипатты иеленеді.

Норма шығару процесі екі үлкен кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – жоба алдындағы кезең де, екінші кезең нормативтік актіні дайындау және оны қабылдау процесінің өзі болады.

Норма шығарудағы жоба алдындағы кезеңнің алғашқы сатысын мониторинг термині деп атауға болады. Демек, норма шығару процесінің өзекті мәселесі ретінде құқықтық мониторинг процесін түсіну болып табылады. Заңнамаға мониторинг жүргізу дегеніміз — заңнаманың жағдайын талдау және дамуына болжам жасау бойынша мемлекеттік билік органдарының жүйелі қызметі болып табылады.

Заңнама мониторингі мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру әдісі бола отырып, заң күшінің тиімсіз салдарларын, заң бұзушылықты, оларды жоюдың мейлінше тиімді тәсілдерін анықтау, сонымен қатар заң бұзушыға әсер ету шараларын қолдану бойынша ұсыныстар қалыптастыру жолдарымен заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді².

Заңнама мониторингінің объектілері төмендегідей болып табылады:

- 1) заң;
- 2) осы заңды орындауда қабылданған заң және құқықтық актілер (құқықтық кешен);
- 3) заң жобасы;

Бүгінгі таңда көптеген мәселелер заң шығару процесін құқықтық реттеумен байланысты екені заңгер-ғалымдарға құпия емес. Ал, біздің пікірімізше, мәселелердің алды мониторингті жүзеге асыру сатысынан басталады. Бұл жерде «кім оны жүргізу керек?», «қандай әдістер қолдану керек?», «қай құрылымдар ақпаратты қандай нысанда беруі керек?» деген сияқты сұрақтардың туындауы орынды. Аталған мәселелер нормативтік актілер жобаларын дайындаушы ғалымдар үшін мейлінше күрделі, шешімі қиын деуге болады. Өйткені олар қажетті ақпараттарды әртүрлі мемлекеттік билік органдарынан алғандықтан, осы проблема туындайды. Сол себепті де норма шығару мәселесі құқықтық реттеуді қажет етеді.

Қазақстандағы мониторинг жүргізу жүйесі де аталған проблемалық мәселелерден тыс қалмай, көптеген жағдайларда кемшін тұстары әлі де жетілдіруді талап етеді. Атап айтсақ, құқықтық мониторингті жүзеге асыру заң күшіндегі нормативтік құқықтық актілерге қатысты ғана жүргізіледі де, мұндағы қайшылықтарды айтпағанда, басқа да кемшіліктер, нормалардың қайталануы, құқықтық реттеудің артық кеткен жерлері, кемшін тұстары сияқты мәселелер көлеңкеде қалып жатады. Мониторингтің қазіргі қолданыстағы жүйесінде жекелеген теріс тенденциялар бой көтеруде. Ғылыми-зерттеу мекемелері, азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар пікірлерінің өзара тоғыспауы заңнаманы жетілдіру процесін тежеуде. Мұндай қалыптасқан жағдай бұл қызмет түрінің жаңартылып жаңғыруын және оны жүргізу сапасын жетілдіру мемлекет дамуының заманауи құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларымен қанығуын және шетел мемлекеттерінің озық тәжірибелерімен қамтамасыз етілуін қажетсінеді.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы правового регулирования системы мониторинга и акцентируется внимание на вопросах проведения правового мониторинга в Казахстане.

Resume

In this article the author examines the problems of legal regulation of the monitoring system. The paper also focuses on the issues of legal monitoring in Kazakhstan.

¹ Горшенев В. М. Құқықтық реттеуге қоғамдық ұйымдардың қатысуы. — М., 1963. — 40-б.

² См.: Мониторинг законодательств и правоприменительной практики в субъектах Российской Федерации: Мат-лы междунаурод. науч.-практ. семинара. — М., 2006. — С. 17.